



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.08. 2024 № 68

Сәтбаев қаласы

город Сатпаев

«С.Сейфуллин атындағы
гимназия» КММ-нің оқушыларын
ыстық тамақпен қамтамасыз ету
туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дйінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту» туралы және Ұлытау облысының білім басқармасының 2024 жылғы 13 тамыздағы №247-н, Сәтбаев қаласының білім бөлімінің 2024 жылғы 19 тамыздағы №171 бұйрықтарына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1.Мектеп әкімшілігіне, әлеуметтік педагог Еркебекова Ж.С., ИП Касимова;

1) 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын;

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін;

3) Мектептің асханаларында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.

2. Мектепте тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мемлекеттік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды әлеуметтік педагог Ж.С.Еркебековаға қалдырамын.

Директор



 Г.А.Джакипова

Таныстырылды: Ж.С.Еркебекова



Орынд.: Ж.С.Еркебекова
Тел.: 3-34-68